

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ**

2022 ж. " 05 " қаңтар

030240003036
(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Алғашқы тіркелген күні 04.02.2022 ж.



Көкшетау қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 30 қарашадағы
№ А-11/2333 қаулысымен
бекітілген

**«Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ) Көкшетау қаласының аумағында экономика және қаржы қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен экономика және қаржы бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000 Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М. Әуезов көшесі, 141.

9. Осы ереже «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің құрылтай құжаты болып табылады.

10. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ кәсіпкерлік субъектілерімен «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ заңнамалық

актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 – тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

- 1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын, басымдықтарын және негізгі бағыттарын қалыптастыру;
- 2) қаланың бюджеттік саясатын жүргізу және қалыптастыру;
- 3) стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында қала өңірлерін дамытуды үйлестіру;
- 4) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамыту мониторингі;
- 5) жергілікті бюджеттің орындалу процесін үйлестіруді ұйымдастыру;
- 6) мүдделі тұлғаларды мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету.

13. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік мекемелер мен басқа ұйымдардан бюджетті орындау мен жоспарлауды, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін бюджетке түсімдерді, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының талдауын және даму болашағы бойынша ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін орындауға қажетті ақпараттарды, есептерді және басқа да мәліметтерді сұратуға және жауап алуға;

2) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер шығаруға;

3) құпиялылық режимін, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды ескере отырып, экономика және қаржы бөлімінің құзыретіне кіретін міндеттер мен функцияларды шешу мәселелеріне қатысты құжаттамалармен кедергісіз танысуға;

4) Көкшетау қаласының әкімдігінің қарауына қаланың стратегиялық мақсаттары, басымдықтары және даму бағыттары бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, атқару процесінде қалалық бюджетті нақтылау және түзету бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) қаланың жергілікті атқарушы органына қаланың даму стратегияларын іске асыруға кедергі келтіретін, олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

6) әкімдіктің, комиссиялардың, жұмыс топтарының отырыстарына, қаланың мемлекеттік органдарымен өткізілетін іс-шараларға қатысуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

8) өз құзыреті шегінде жоғары тұрған мемлекеттік органдардың нұсқауларын орындау үшін мемлекеттік органдарға ұсынуға;

9) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асыруға.

14. Функциялары:

1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына экономикалық талдау жасау;

2) қала аумағын дамыту бағдарламасын әзірлеу;

3) қала аумағын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

4) қала аумағын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мониторингін өткізу;

5) қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдерін Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламасының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарау;

6) бюджеттік бағдарламалардың жобалары, бюджеттік өтінімдерге өзгерістер мен толықтырулардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастыру және оларды бюджеттік комиссияның қарауына жіберу;

7) кезекті жоспарлы кезеңге қалалық бюджет жобасын дайындау, қалалық бюджетті бекіту, нақтылау кезінде қалалық бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын дайындау;

8) қалалық бюджет туралы қалалық мәслихаттың шешімін жүзеге асыру бойынша жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын дайындау;

9) қалалық және жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттері арасындағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы қалалық мәслихат шешімдерінің жобасын дайындау;

10) қалалық бюджеттік комиссияның жұмысшы органының міндеттерін жүзеге асыру;

11) жаңа бастамаларға арналған бюджеттік лимиттер әкімшілері шығыстарының лимиттерін анықтау;

12) бюджеттік инвестициялық жобаларды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту, бюджеттік инвестицияларды іске асыруды қарау, іріктеу және мониторингілеу және бағалауды жүзеге асыру, жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру жоспарланған жобалардың экономикалық қорытындысын дайындау;

13) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, бюджет түсімдерін болжауды жүзеге асыру;

14) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру бойынша үйлестіруді жүзеге асыру;

15) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру;

16) қалалық бюджетті орындау бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерін орындау бойынша жергілікті уәкілетті органдардың жұмысын үйлестіру;

17) жергілікті бюджеттің орындалуы бойынша бюджеттік есепті жүргізу;

18) бюджеттік ақшаны басқару;

19) бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету, мониторинг және есепке алу

20) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және ұсыну;

21) «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету;

22) түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және оларға өзгерістер енгізу;

23) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарларын келісу, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға рұқсат беру;

24) жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер, нысаналы даму трансферттері мен кредиттерді іске асыру және түсімдер бойынша бюджеттік мониторингті жүзеге асыру;

25) қалалық бюджеттің және аудан бюджетінің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы талдамалық есепті қалыптастыру;

26) өтініштерді қарау және жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен қаражат бөлу жөнінде қорытынды беру және қала әкімдігіне ақшаны және оның қалдығын пайдалану туралы ақпарат беру;

27) бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша қаланың жергілікті атқарушы органының тиімділігіне бағалау жүргізу үшін жиынтық ақпаратты жинауды және дайындауды қамтамасыз ету;

28) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес аудандық бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге талдау жүргізу;

29) тиісті бюджет комиссиясының республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары негізінде бюджет қаражатын

қысқарту туралы шешім қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды тоқтата тұру;

30) Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі әкімшілігімен бюджеттік түсімдердің біліктілік кодтары бойынша қалалық бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қалалық бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды қамтамасыз ету;

31) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес секвестрді жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға қатысу;

32) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

33) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету;

34) қолданыстағы заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-ні басқаруды басшы жүзеге асырады, ол «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысын Көкшетау қаласының әкімі қызметке тағайындайды және лауазымнан босатады.

17. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

18. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысының өкілеттіктері:

1) бөлім жұмысын ұйымдастырады және басқарады, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асырылуына тікелей жауап береді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қабылдайды, бөлімнің қызметкерлерін жұмыстан шығарады, көтермелеу мәселелерін шешеді, материалдық көмекті көрсету, бөлімнің қызметкерлеріне тәртіптік жазаны қолдану;

3) бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) бөлімнің құқықтық актілеріне қол қояды;

5) бөлімінің мүдделерін мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда ұсынады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікпен билік етеді; келісімшарт жасайды; сенімхат береді; банктік шоттарын ашады;

7) бөлімге жүктелген міндеттерге байланысты қызметтің барлық

бағыттары бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

8) ведомстволық бағыныштағы органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша әрекеттердің орындалмағаны үшін жеке жауап береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

19. Басшы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарының өкілеттіліктерін анықтайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

«Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мүлкі мемлекет берген мүлік, оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (соның ішінде ақшалай қаражат) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің бекітілген мүлкі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

22. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. «Көкшетау қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**НӨМІРЛЕНГЕН
ТІЛІГЕН
7 (жеті) бет**

АЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІІМНІҢ МІНИСТРАТЫ
ӘДІЛЕТ БІЛІМ АЛМАНЫ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БАРЛЫҚ НӨМІРЛЕНГЕН,
ТІРКЕЛГЕН!
2024 ж. 05. 10 күні
Барлық